



Алхан Бóкехан: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTÓGAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 5 (8034) 30 қаңтар, Жұма 2026 жыл

aktogai_red@mail.ru



Халық кеңесі институты: мәні мен маңызы

Ұлттық құрылтай мінберінен Мемлекет басшысы Халық кеңесін құруды ұсынды. Бұл бастама билік пен қоғам арасындағы байланысты жоғары деңгейге көтеруді көздейді. Ендеше жаңа институтқа қандай міндет жүктеледі? Оның саяси жүйедегі орны қалай көрінбек?

Елдегі бірлік пен келісімнің бірегей үлгісі конституциялық қағидаттарға негізделген. Әрі билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қалыптасқан өзіндік дәстүрі бар. Қасым-Жомарт Тоқаев осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, нығайта түсуді көздеп отыр. Осыған орай ол жақында Сыр өңірінде өткен Ұлттық құрылтайда жаңа институт құру бастамасын көтерді. «Реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-маңызы зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын», деді Мемлекет басшысы. Демек, Халық кеңесі классикалық өкілді органнан да, кәдімгі қоғамдық кеңестен де өзгеше болады. Оның басты ерекшелігі – жалпыұлттық деңгейдегі саяси-сараптамалық платформа ретінде жұмыс істейтіндігінде. Яғни бұл институт бір жағынан халықтың үнін еститін, екінші жағынан стратегиялық шешімдерге ықпал ете алатын аралық буын ролін атқарады. Президент өз сөзінде Халық кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болатынын, оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және өкілдердің өкілдері кіретінін ашып айтты.

Бір жағынан олар қоғамдағы негізгі

сұраныстарды, құндылықтар мен басымдықтарды жүйелі түрде анықтап, оларды мемлекеттік саясаттың күн тәртібіне шығаруға ықпалдасады. Осылайша, бұл орган жекелеген топтардың емес, жалпыұлттық мүдденің сүзгісінен өткен позицияны қалыптастыруға бейімделеді.

Бұл ретте саясаттанушы Аман Мәмбеталиев Халық кеңесінің миссиясы Парламенттің ролін алмастыру емес екенін түсіндіріп өтті. Оның сөзінше, жаңа орган қоғамдық диалогтің тұрақты форматын институционалдық тұрғыда бекітуге бағытталған қадам және оған неғұрлым практикалық сипат берудің жолы.



– Мұндағы логика мынада: реформаларды дайындау барысында 500-ден астам ұсыныс және конституциялық құрылымға қатысты одан да көп бастама түсті, соның ішінде өңірлер мен этномәдени бірлестіктердің өкілдігі мәселелері де бар. Бұл салмақты талдау механизмі қажет екенін көрсетті. Сондықтан Кеңесті 126 адамнан жасақтап, оған этномәдени орталықтардың – 42, ірі қоғамдық бірлестіктердің – 42 және мәслихаттар мен өңірлердегі қоғамдық кеңестердің 42 өкілін қосу ұсынылды. Жаңа институттың басты ерекшелігі – оған заң шығару бастамасы құқығының берілуі. Бұл қоғамдық құрылымдардың саяси үдеріске қатысу логикасын түбегейлі өзгертеді. Кеңес аясында әзірленген ұсыныстар енді тек консультативтік форматта ғана емес, заңнама деңгейінде де қаралу мүмкіндігіне ие болады. Халық кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі. Бұл өкілеттіліктің шегін, құрылымын айқындай түседі. Қорыта айтсақ, Халық кеңесі түрлі

топтардың пікірін біріктіріп, қоғамдық және өңірлік сұраныстардың нақты шешімдерде көрініс табуына мүмкіндік беретін қосымша арна қалыптастырады, ал заң шығару құқығы Парламентте қалады, – деді саясаттанушы. Негізі бұл институттың ықпалы оның билікті бақылауында емес, билікті жауапкершілікке ынталандыруда ашыла түседі. Мұнда қоғамдық пікір белгілі бір ортада не әлеуметтік желідегі эмоциялық реакция деңгейінде қалып қоймай, нақты жауапты мінберлерде көтеріледі. Бұл әсіресе өңірлерде азаматтық белсенділікті арттырып, халықтың саяси мәдениетін жаңа деңгейге көтеруге де септеседі.

Болады. Жаңа орган кері байланыстың орнықты арналарының қалыптасуына бағытталған ауқымды міндетті көздейді. Кеңестің жұмысының тұрақты форматы мен мәртебесі қоғамдық ұстанымдарды, соның ішінде ішкі саясат пен өңірлік даму мәселелері бойынша пікірлерді қандай да бір жағдай бола қалған кезде емес, жүйелі түрде ескеруге жол ашады, – деді сарапшы.

Айта кетерлігі, жаңа органның барлық мүшесін Мемлекет басшысы өзі тағайындайды. Төрағасын оның мүшелері сайлайды. Ал оның қоғамдық негізде жұмыс істеп, ротация арқылы тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық меңгерушісі болады. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық кеңесінің жоғары органы ролін атқарады. «Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің біріне айналады. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді», деді Президент.

Түйіндесек, Халық кеңесінің тиімділігі үш негізгі фактордан көрінетін болады. Біріншіден, оның құрамының шынайы өкілдік сипаты, онда тек өзара жақтаушылар емес, әртүрлі көзқарастағы тұлғалар болуы міндетті. Екіншіден, ұсынымдарының нақты саяси салмағы болуы, егер Кеңес ұсыныстары ескерусіз қалса, институт жай формалдылыққа айналады. Үшіншіден, оның жұмысының ашықтығы мен қоғамға септілігі. Өйткені Халық кеңесі тек рәміздік немесе имидждік орган ретінде қалып қойса, қоғамның сеніміне де селкеу түседі. Ал керісінше, дербес ойлай алатын, кәсіби әрі батыл пікір білдіретін платформаға айналса, бұл институт еліміздегі «еститін мемлекет» тұжырымдамасының нақты іске асқан үлгісі болары анық. Яғни жаңа орган елдегі саяси жүйені қоғамдық қолдаумен күшейтетін құрал болуға тиіс болуға тиіс.

Зейін Ерғали.

(Материал Egemen.kz сайтынан алынды.)

** Құқық және Заң*

«Құқықтық тәртіп әліпбиі» акциясы өтті

Қарағанды облысы бойынша «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ филиалында халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Құқықтық тәртіп әліпбиі» акциясы өтті. «Заң және тәртіп» идеологиясы аясындағы шара Қарағанды облысы прокуратурасы жанындағы Жобалық кеңсенің жүйелі жұмысы шеңберінде ұйымдастырылды.

Достық үйінің конференц-залында акция аясында дөңгелек үстел отырысы өтті. Іс-шараға Қарағанды облысы прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Тілеубай Құсайынов, ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы директорының орынбасары Жанна Медиева қатысты.

Сондай-ақ, мемлекеттік корпорация басшылығы мен мамандары, облыстық мәслихат депутаттары кездесу барысында мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы өзекті мәселелерді талқылады. Прокуратураның, полиция департаментінің, әкімшіліктің жұмысымен таныстырды. Облыстық, қалалық мәслихаттың депутаттары, Қоғамдық Кеңес мүшелері, қоғам белсенділері және жастар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Шарареспублика аясында өткендіктен осы кеңеске біздің Ақтоғай ауданы

ны да ZOOM форматында қатысып, жасалынған ақпарат, атқарылған жұмыстан хабардар болдық. Ақтоғай ауданында өткен келелі кеңеске аудан әкімі Абылай Аманжолов, Ақтоғай ауданы прокуратурасының орынбасары Еркебұлан Асылханов және мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері, қоғамдық ұйым өкілдері қатысты.

Одан кейін кеңеске қатысушылар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының жұмысын аралап көрді. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Қоғамының Қарағанды облысы бойынша филиалы «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру департаменті» Ақтоғай аудандық бөлімшесінің басшысы Нариман Күлшікенов жасалынып жатқан жұмыстармен, халыққа қызмет көрсетудің әдіс-тәсілдерін таныстырды. Барлығы заң аясында елге қызмет етуде. Оның аясында қоғам өкілдері Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, әлеуметтік блоктың, жылжымайтын мүлікті тіркеу және жер кадастры органдарының қызметімен танысты, мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі бойынша жан-жақты түсіндірмелер алды. Аталған акция мемлекеттік органдар мен қоғам арасындағы ашық өзара іс-қимылды дамытуға, азаматтардың құқықтық мәдениетін дамытуға, сондай-ақ заңдылық пен тәртіп қағидаттарын практикалық тұрғыда ілгерілетуге бағытталған шара.

Г.Елеусізова,
аудандық мәслихат депутаты.

** Дүниежүзілік сайлау күні қарсаңында*

Сайлау – халықтың еркін білдіретін, мемлекеттің даму бағытын айқындайтын маңызды демократиялық үдеріс. Осы құндылықтың маңызын айшықтау мақсатында әлемнің көптеген елдерінде Еуропалық сайлауды

Дүниежүзілік сайлау күні – азаматтардың, әсіресе жастар үшін тағылымды. Өйткені елдің ертеңі – олардың қолында. Жастар – қоғамның ең белсенді әрі болашақты айқындайтын бөлігі. Сайлауға саналы түрде қатысу,

Әділ сайлау – билік пен халық арасындағы сенім

ұйымдастырушылар қауымдастығының (АСЕЕЕО) бастамасы бойынша жыл сайын ақпанның алғашқы бейсенбісінде Дүниежүзілік сайлау күні аталып өтеді. Бұл күн азаматтардың сайлау құқығын құрметтеуге, әділ әрі ашық сайлау қағидаттарын нығайтуға арналған.

Қазіргі заманда сайлау тек дауыс беру рәсімі ғана емес, ол – қоғамның саяси мәдениетінің көрсеткіші. Әділ сайлау билік пен халық арасындағы сенімді күшейтіп, азаматтардың мемлекет басқаруына қатысуына мүмкіндік береді. Сондықтан сайлау үдерісінің ашықтығы, заңдылығы мен теңдігі – демократиялық қоғамның басты талаптары.

Қазақстанда да сайлау жүйесін жетілдіруге, халықаралық стандарттарға сай өткізуге ерекше көңіл бөлінуде. Соңғы жылдары заңнамалық өзгерістер енгізіліп, азаматтардың сайлауға қатысу мүмкіндіктері кеңейе түсті. Бұл – халықтың саяси белсенділігін арттырып, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдар.

өз таңдауын жасау арқылы әрбір азамат қоғам дамуына үлес қоса алады. Әрбір азаматтың конституциялық құқығы ғана емес, сонымен қатар мемлекет тағдырына тікелей әсер ететін саналы таңдау.

Атаулы күн аясында өткізілетін іс-шаралар жастарды демократиялық қағидаттарды құрметтеуге, заңдылық пен әділдік ұстанымдарын сақтауға тәрбиелейді. Бұл өз кезегінде жауапты, белсенді азаматтық ұстанымның қалыптасуына негіз болады.

Қорытындылай келе, осы мереке демократиялық құндылықтарды дәріптеп қана қоймай, әрбір адамға өзінің дауысы маңызды екенін, сайлау процесіне саналы әрі белсенді қатысуы – ашық қоғам мен тұрақты мемлекеттің дамуына қосылған маңызды үлес екенін еске салады. Себебі сайлауға саналы түрде қатысу, саналы таңдау жасау, өз жауапкершілігін терең сезіну – тұрақты мемлекет пен жарқын болашақтың кепілі.

Е.Әбеу,
Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының төрағасы.

«Aqtogai ajaru» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС-нің 2026жылдың ҚАҢТАР айынан ақылы қызмет түрлерінің бағасы

Газетке берілген жарнама (баннер) – 5000 теңге.
Мекемелерден жарияланатын «Сенім телефоны» – 4000 теңге.

Хабарландырулар:

– Жеке адамдардан – 3000 теңге.
– Мекеме, ұжым, кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарынан – 5000 теңге.

Жеке адамдарды мадақтау, арнау мақала, өлеңдер:

– Шумақпен берілсе әр шумаққа – 500 теңге.
– Егер сөзбен берілсе, А-4 форматтағы Times New Roman 14 шрифтымен терілген әр жол үшін – 400 теңге.
– Суретпен берілсе, әр суретке 1000 теңге қосылады.
– Өз істерін насихаттап жариялаған мақалалар А-4 форматтағы Times New Roman 14 шрифтымен терілген әр жол үшін – 400 теңге.

Құттықтау жеке адамдар үшін:

• Сөзбен – 6000 теңге.
• Сөзбен, суретпен – 6500 теңге.
• Әр шумақ үшін – 500 теңге.
• Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
• Құттықтайтын адамдар саны жетінші адамнан бастап 200 теңгеден қосылады.

Құттықтаулар мекеме, ұжымдар үшін:

• Сөзбен – 8000 теңге.
• Сөзбен, суретпен – 9000 теңге.
• Әр шумақ үшін – 500 теңге.
• Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
• Құттықтайтын адамдар саны жетінші адамнан бастап 200 теңгеден қосылады.

Еске алу жеке адамдар үшін:

• Сөзбен – 6000 теңге.
• Сөзбен, суретпен – 6500 теңге.
• Әр шумақ үшін – 500 теңге.
• Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
• Еске алатын адамдар саны жетінші адамнан бастап 200 теңгеден қосылады.

Еске алу мекеме, ұжымдар үшін:

• Сөзбен – 7000 теңге.
• Сөзбен, суретпен – 8000 теңге.
• Әр шумақ үшін – 500 теңге.
• Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
• Еске алатын адамдар саны жетінші адамнан бастап 200 теңгеден қосылады.

Қазанама жеке адамдар үшін:

– Сөзбен – 6000 теңге.
– Сөзбен, суретпен – 7000 теңге.

Қазанама мекеме, ұжымдар үшін

– Сөзбен, суретпен – 9000 теңге.

Көңіл айту:

– Жеке адамдар үшін – 5000 теңге.
– Мекеме, ұжымдар үшін – 7000 теңге.
– Екі адамға біріктіріліп көңіл айту үшін – 5000 теңге қосылады.

Мемлекеттік тапсырысқа жатпайтын конкурс, мақалалар, т.б. материалдар үшін – А-4 форматында Times New Roman 14 шрифтымен терілген мақаланың әр жолы 400 теңгеден.

– Газетке берілген құттықтаулар, еске алу, басқа да қызмет түрлеріндегі адамдардың аты 6 адамнан аспауы тиіс. Одан кейінгі әр адам атына 200 теңгеден қосылады.

– Қала, ауданаралық мекемелерден берілген қоғамдық тыңдау, келісім-шарт, (Публичный договор), түсініктеме, хабарландыру, конкурстары газетке жариялаудың тарифтік құны шаршы сантиметрі 400 теңгеден.

– Газеттің бір данасының сатылу құны – 500 теңге.

ЕСКЕРТУ: Газетке берілетін мақалалар А-4 форматында Times New Roman 14 шрифтымен теріліп, электронды түрде беріледі және мақаланың түпнұсқасын қағаз түрінде де әкелуі керек.

Н. Ақторғай,

«Aqtogai ajaru» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС-нің редакторы.

Коммуналдық қоқыс қалдықтарын жинау және әкету жөніндегі қызмет көрсету келісім-шарты

«Балқаш универсал» ЖШС, әрі қарай «Қызмет көрсетуші» деп аталатын, оның атынан Жарғы негізінде әрекет жасайтын директоры О.Б. Сармантаев бір жақтан, Шашубай кентінде тұрғын үйдің (пәтердің) иесі, екінші жақтан, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталады, осы келісімшартты жасады:

1. Келісім-шарттың мақсаты

1.1 Коммуналдық қоқыс қалдықтарын арнайы белгіленген орындардан (қоқыс жинайтын жәшіктер алаңдарынан) жинау және әкету, әрі қарай «Қызмет көрсету» деп аталады.

2. Қызмет көрсетушінің құқығы және міндеті

2.1 Қызмет көрсетушінің құқығы:
2.1.1. Тұтынушыдан қатты қалдықтарды жинап, шығарғаны үшін осы келісімшартта көрсетілген төлемақыны уақытылы алу. Төлемақының төлеу мерзімі бұзылған немесе кешіктірілген жағдайда Қызмет көрсетуші ҚР заңдарына сәйкес тұтынушыны сотқа беруге құқылы.

2.1.2. Осы шарттың 4.1. тармағы бұзылған жағдайда тұтынушыға қызмет көрсету тоқтатылады.

2.1.3. Тұтынушы уақытша үйде болмаған жағдайда (саябақ, демалыс орындарында болғанда) тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару үшін төленетін төлемақыны төлеуден босатылмайды.

2.2. Қызмет көрсетушінің міндеті:

2.2.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды техниканың қозғалыс кестесіне сәйкес уақытылы тасу, әкету.

2.2.2. Тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету кестесін пайдалану жағдайына қарай ыңғайластыру.

2.2.3. Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету төлемін адам санына қарай (үйде тіркелген) бекітілген тарифке байланысты жасау (4.1.т сәйкес)

2.2.4. Тұрғындарға тұрмыстық қатты қалдықтардың жинау және әкету бағасының өзгергені жөнінде хабарлап отыру.

2.2.5. Тұрмыстық қатты қалдықтардың жи-

нау және әкету төлеміне, егер жанұя мүшелері қоныстан тыс жерге кетсе, олар қажетті құжат әкелсе, қайтадан есеп жасау.

3. Тұтынушылардың міндеті мен құқығы:

3.1. Тұтынушылардың құқығы:
3.1.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарды өз уақытында белгілеген кестеге сәйкес шығару.

3.1.2. Бағаның дұрыс есептелуі жөнінде хабар алу.

3.1.3. Егер оның құқығы бұзылса, ҚР Заңдарына сәйкес қорғану.

3.2. Тұтынушылардың міндеті:

3.2.1. Осы келісім-шартқа, бекітілген кестеге сәйкес төлем жасау.

3.2.2. Қызмет көрсетушіге уақытылы жанұяларындағы адам саны туралы ақпарат беру.

3.2.3. Қалдықтарды салатын жәшіктерге құрылыс қалдықтарын, кірпіштер тастамау, картон қалдықтарын сол қалпында тастамау.

3.2.4., 3.2.3. тармақтарында көрсетілген қалдықтарды шығару үшін қызмет көрсетушіге қосымша айту.

3.2.5. Тұрмыстық қатты қалдықтарды арнайы орнатылған жәшіктердің жанында, аумағында өртемеу.

3.2.6. Орналасқан қоқыс жәшіктерін ұқыпты ұстау.

3.2.7. Егер жәшіктер орнатылмаса, онда қатты қалдықтарды алатын уақытта ғана сыртқа шығару.

3.2.8. Тұтынушы тұрған үйден кететін немесе қоныс аударатын болса хабар беру.

4. Қызметтің құны және сеп айырысу тәртібі:

4.1. Тұрмыстық қатты қалдықтарға төлем жүргізуді әр айдың 25 жұлдызынан кешіктірмеу және әрбір адам басына шаққанда төмендегі көлемінде төлеу:

- Шашубай кентінің аббаттандырылған және орталық желілерге қосылған тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету үшін айлық төлем көлемі 1 адамнан 326,25 тенге ҚҚС-мен 16%-бен ескеріле отырып.

- Шашубай кентінің аббаттандырылмаған және

оталық желілерге қосылмаған тұрғын үйлерден тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және әкету үшін айлық төлем көлемі 1 адамнан 343,75 тенге ҚҚС 16%-бен ескеріле отырып.

4.2. Тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету төлемі «Төлем соғрапу» төлемдер жүйесі ұсынылған квитанциялар арқылы, Каспий банк қосымшасы, Халық банкі қосымшасы, RBK банкі қосымшалары арқылы, Балқаш универсал қосымшасы немесе касса арқылы қызмет көрсетушінің есп-шотына төлеуге болады.

4.3. Төлемді уақытылы төлемеген жағдайда тұтынушы, төлем мерзімін өткізген әрбір күн үшін, Қазақстан Республикасының ұлтық банкі рефинансированиясының ставкасы бойынша қызмет көрсетушіге айып (айып пұл, өсім) төлейді. Айып төлеуі келсім шарт міндеттемелерін орындамаудан босатпайды.

5. Екі жақтың жауапкершілігі немесе шағымдарды реттеу.

5.1. Осы келсімшартта көрсетілген екі жақты жауапкершілік ҚР территориясында қолданылатын азаматтық заңдар негізінде шешіледі.

6. Келісімшарттың мерзімі.

6.1. Келісім-шарт 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап шектеусіз мерзімге дейін жасалады.

6.2. Осы келісімшарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған соң күшіне енеді және ҚР Азаматтық Кодексінің 387, 683, 687 баптарымен реттеледі.

7. Қызмет көрсетушінің мекенжайы және банктегі есепшоты:

«Балқаш универсал» ЖШС
100300, Карағанды обл.,
Балхаш қаласы, Аманат көшесі, 2 құрлымы
СТН 302500211929
ИИК KZ 486017091000004651
БИК HSBKZKX
БИН 050340006503
«Қазақстан Халық Банк» АҚ

«Балқаш универсал» ЖШС директоры
Сармантаев О.Б.

Хабарландыру

«Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» «Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кентінде орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу». жобасы бойынша қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді. Тыңдау 2026 жылғы 13 наурызда сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Сарышаған кенттікәкімдігі, Сарышаған кенті, Абай көшесі, 18-үй мекенжайы бойынша өтеді, Zoom сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XIjSf9Sgc0kmSFTiZfpYphPN2J4qNS.1&omn=85749280168>

Конференция идентификаторы: 233 827 3093, Кіру коды: z8Rh71
Әсер ету аумағы:
46°14'49.08"С, 73°55'45.09"В

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын жергілікті атқарушы органның электрондық пошта мекенжайы <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru> сондай-ақ ресми сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электрондық пошта: expertiza.upr_krg@mail.ru. жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/>.

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері: «Ақтоғай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ, БСН: 180840000221, мекенжайы: Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылдық округі, Ақтоғай ауылы, Әлихан Бөкейхан көшесі, №4 ғимарат.

Құжаттаманы әзірлеушінің атауы және байланыс деректері: "Каз Гранд Эко Проект" ЖШС, тел.8(775)3245005 Шымкент қ., Байтұрсынов көшесі 206. БСН 111040001588.

Қосымша ақпаратты мына жерден алуға болады: 87753245005, sholpik@mail.ru

Объявление

ГУ "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Актогайского района" проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях на окружающую среду по проекту «Строительство полигона для твердых бытовых отходов расположенного в п.Сарышаған Актогайского района Карагандинской области». Слушания состоятся 13 марта 2026 г. в 15:00 по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Сарышаганская п.а., п.Сарышаған, ул. Абая, 18., ссылка Zoom: <https://us05web.zoom.us/j/2338273093?pwd=XIjSf9Sgc0kmSFTiZfpYphPN2J4qNS.1&omn=85749280168>

Идентификатор конференции: 233 827 3093, Код доступа: z8Rh71
Территория воздействия:
46°14'49.08"С, 73°55'45.09"В

Местный исполнительный орган ответственный за организацию общественных слушаний – ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области".

Адрес электронной почты местного исполнительного органа, где принимаются замечания и предложения <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>, так же официальный сайт <https://ndbecology.gov.kz/>, электронная почта: expertiza.upr_krg@mail.ru.

Документация по проекту размещена на <https://ndbecology.gov.kz/>. Реквизиты и контактные данные инициатора намечаемой деятельности: ГУ "Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Актогайского района", БИН: 180840000221, адрес: Карагандинская область, Актогайский район, Актогайский с.о., с.Актогай, улица Алихан Бөкейхан, здание № 4.

Наименование и контактные данные разработчика документации: ТОО «Каз Гранд Эко Проект», тел.8(775)3245005 г.Шымкент ул.Байтұрсынова 206. БИН:111040001588.

Дополнительную информацию можно получить по: 87753245005, sholpik@mail.ru




Ақтоғай. Ақ жауын

Ақтоғай мені ақ жауынымен қарсы алды,
 Найзағай оты жарқылдап...
 Бір көруге ынтық құтты ордам еді
 аңсарлы,
 Бір көрмей қалай жақсыға жақын жан
 тынбақ.
 Ақ нөсерді бұл баладым онды ырымға,
 Ырымшыл едім,
 Ұғымшыл едім жасымнан.
 Осынау жерге сағынышым бар
 бұрыннан,

Еламан Қабділәшім 1993 жылы, 14-сәуірде Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Лекер қажы ауылында дүниеге келді.
 Қазақстан Жазушылар одағының және ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің жанынан құрылған «Алқа» әдеби клубының мүшесі.
 «Өмірқос», «Өлеңбаян», «Ақ сезім», «Болмысымның бояуы» жыр жинақтары мен «Санамдағы сөз... Қаламдағы ой...» публицистикалық кітабы жарық көрген.
 Қазіргі уақытта «Aiqara.kz» ақпараттық агенттігінің әдеби редакторы болып жұмыс істейді.
 Жақында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» бағыты бойынша стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс аясында ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Еламан Қабділәшімнің «Болмысымның бояуы» кітабы жарық көрді.
 Қазақстан Жазушылар одағы жүзеге асырған бұл жоба аясында павлодарлық қаламгер Қарағанды облысына шығармашылық іс-сапармен келіп, Ақтоғай ауданына арнайы ат басын тіреді.
 Оқырман назарына Еламан Қабділәшімнің өлеңдерін ұсынамыз.

Кейде батыл сөз айтуға Адамға,
 Бұршақтай-ақ дәрмен керек екен ғой.
 Ойыңнан бір секем кетпей тұрады,
 Бойыңда бір үрей шөкпей тұрады.
 Ал кей сәтте тіл қатуға Қоғамға,

Қарашоқы тастарында
 сурет боп таңбаланған.
 Зер салып қарай-тұғын
 көшелің де,
 Сабасына түсетін есерің де,



Дәнегі даналықтың себілген жер

Мазамды менің қашырған.
 Жыр жауын мынау,
 Тіледім іштей тынбауын,
 Сүйгені жерді,
 Сіңгені жерге нәрлі екен.
 Сыңғыры сырлы,
 Сылдыры сырлы нұр-жауын,
 Манарбек салған ән бе екен?!
 Осы елге бастан,
 Осы елге жастан дос едім,
 Жасығы емес, серік боп жүрген асылы.
 Жанымды жуды,
 Шерімді шайды нөсері,
 Жігерді жанып жасыны.
 Түртеді менің сезімдерімнің пернесін,
 Өрбір тамшының тырсылы.
 Мен тебірендім,
 Ақтоғайды да тербесін,
 Ақ жүрегімнің дүрсілі.
 Емдеді мені жауыны,
 тербеді
 тұрған ластанбай
 ән менен жырдың бесігі.
 Жаңбырдан кейін шайдай ашылған
 аспандай,
 Шуақ пен нұрдың айқара ашылды есігі.
 Мөлдірге ынтық,
 Кәусарға ғашық бір ұлмын,
 Тілегімді ұштап,
 Жүрегімді ұстап келемін.
 Ақ жауынынан Ақтоғайдың мен
 ұғындым:
 «Тазарып алып, босағамды атта!», -
 дегенін.

Бұршақтай бір қауқар жетпей
 тұрады.
 Өз әлімше
 Мына мен де – бұршақпын...
 Тебіренсем, ұстай алар құрсап кім?!
 Төгіп-төгіп
 Жасым менен жырымды,
 Ел мен жерге талай-талай мұң
 шақтым.
 Кездерімде кезбе ойларға төзбеген,
 Ырық бермей –
 Өз мінезім,
 Өз денем,
 Жерге түсіп
 еріп тынған бұршақтай,
 Мұң ақтарып,
 тыныш табам лезде мен.

АҚТОҒАЙ

(төрттаған)
 «Ақтоғай, атың қандай әлемі еді,
 Деуші еді жыр бесігі, ән әлемі.
 Өзімнен бұрын жетіп күс-көңлім,
 Аялы аспаныңда әуеледі...»

Несібек АЙТҰЛЫ.

Бірінші жыр

Дәнегі даналықтың себілген жер,
 Сәулесі салтанаттың төгілген жер.
 Бірлігі бекемделген берекемен,
 Кіндігі кісіліктің көмілген жер.
 Күн күліп көңілімнің шалғайынан,
 Сабырлы самал есіп жан райынан,
 Өшпейтін ізіменен бұрынғының,
 Жеттім мен Баянаула баурайынан.
 Ақтоғай –
 Арқадағы орда мығым,
 Қадыр мен қаснетке қорған ұғым.
 Әлкейдің маңдайының тері сіңіп,
 Ізі қалған қуатты қолдарының.
 Көнеден жеткен салқар салтым көшіп,
 Көне салттан тереді халқым несіп.
 Алтын кенін ежелден қазған өлке,
 Қалайша атанбасын «Алтын бесік»?!

Екінші жыр

Ақпар беріп дәуірлер дерегінен,
 Аман өтіп уақыттың елегінен,
 Тұнған тарих тасына Беғазының,
 Тылсымның тіл қатады тереңінен.
 Кескіні айықтырған жан жарамнан,
 еркіндік, асқақтық пен арналы арман –
 Желтау,
 Кұлша,
 Кенелі,

Ерек сыр бар Көрпетай бауырындағы
 «Отыз жеті батырдың» кешенінде?!
 Жадымда қайта оянып ұмытқаным,
 Бұздым қанша құпия құлыптарын.
 Аспанға бой тіктеген қақпа тастар,
 Танытады бабамның ғұрыптарын.
 Көкті танып, бас еркін күн кешкенін,
 Жұлдыздармен үйлесіп, үндескенін,
 «Мұртты обалар» әйгілеп берді әлемге,
 Бабам қалай аспанмен тілдескенін.
 (Тастан белгі қашаған біз едік қой?!
 Өр мүсінге үніліп, түзедік бой!)
 Балбалтастар рухымның бейнесі пан
 даламды қорғап тұрған тізе бүкпей.
 (Алыс емес ұлтыма бір түлер күн.)
 Тас қорғандар сақтаған кілтін емнің,
 Қарабие,
 Бектауата айтар
 мұнда
 ем-шипа жасағанын түркілердің.
 Тәні саудың тамағы қарлықпайды,
 жаны саудың бойында ар бұқпайды,
 Бұндай жердің санасы дерттенбейді,
 баласы мәнгүрттікке шалдықпайды.


Үшінші жыр

Ақтоғай – аумады екен қара нардан,
 Теңделген баянды бақ, саналы арман.
 Танымын табиғаты айқындаса,
 Тарихы тұлғасымен дараланған.
 Болса егер күш-қуатқа құзы да бай,
 Қайсарлықтың өшеді ізі қалай?!
 Аласармас абырой белгісіндей –
 Ақсоран,
 Бектауата,
 Қызыларай.
 Демеу болып санама тоқығаным,
 Ағысыңнан сыр сүзіп отырамын.
 Арнасы тұнық пенен тазалықтың –
 Жіңішке,
 Жамшы,
 Қусақ,
 Тоқырауын.
 Мәңгі міндет бұлжымас
 (ескерсе адам)
 болу сертке дүниеден көшкенше адал.
 Адасып өлген ғашық шері ме екен,
 Қайдауыл-Шерукеден ескен самал?!
 Дабысымен тұрады далам асқақ,
 Аңызын алдағыға ала қашпақ.
 Жан сезімін сақтаған аманатқа,
 Ғашықтардың болады бәрі адасқақ.
 Айбары қуат болған жаралы елге,
 Айбыны намыс берген саналы ерге.
 Айғағы батырлық пен абыздықтың –
 Ер Жидебай,

Сана би,
 Қараменде.
 Атынан аласалар барады үркіп,
 (Қалайша әсерімді қалам іркіп...)
 Сенкібай би «Ақсұңқар» атаныпты,
 Қараменде киесі – қара бүркіт.
 «Ертең кімсің, атансаң бүгін бұқпа?!»,
 - деді де бастады елді ұлын құтқа.
 Атасы құс-рухты болғаннан соң,
 Нұркен-қыран шүйілді зұлымдыққа.
 Еңсесі езілуге шақ қалғасын,
 Еңірген елдің сүртіп аққан жасын,
 Абылай хан кенесін құрған жерде
 қалайша кемелгерлік сақталмасын?!
 Тіреген адал, арлы досқа мандай,
 Танытпаған ерсілік оспадарлай.
 Азаматы бір-біріне сенім берген –
 Хан Кенені Ағыбай қостағандай.
 Орынын бере салмас олаққа құр,
 Болмайтын «шама-шарқы шолаққа»
 дүр,
 Мәңгі сай боп жарағы жатқан бірге,
 Бұл даланың әр ұлы – Торақ батыр.
 Жармаспасан, көсем-күш көшер
 қолдан,
 Кейін қайтпас өткенде есең қалған.
 Бұны ұқтырды ерлері
 Шабанбайдай
 «Шаппай жүйрік, сөйлемей шешен
 болған».
 Ағытылды аяқтың тұсамысы,
 Жадырады жандардың құсалысы,
 Күрескер рух мәңгілік тамыр жайды,
 Туған жерге Алаштың үш арысы.

Төртінші жыр

Жайқалды жеміс беріп, жас еккенім,
 Дос жинадым, ешкімді қас етпедім.
 Келешекке жол тапсам,
 Жидебайдай
 тауып өткен Балқаштың тас өткелін.
 Тұрсынбай батыр өткен уағында,
 Дауысы зор – Аю батыр.
 (Мұра бұл да)
 Жау шошып қашпаса да мен ақырсам,
 үнім қалсын дәуірдің құлағында.
 Серуеннен көп емес сенделісім,
 Толқыныстан аз емес тербелісім.
 Шөжедей соқыр болу міндет емес,
 «Жамандықтың соңынан ермеу үшін»...
 Фибрат алсам өткеннен – күш
 молькқан,
 Өнеге түйсем бойға – іс толыққан:
 Жаман Қызыларайдың биігінде,
 Болған дейді тайқазан мыс қорытқан.
 (Жалғасы 5-бетте).



БҰРШАҚ

(Ақтоғайға жете берген сәтте жауған жауыннан соң төгілген бұршақ түрткен ой...)

Тарс-тарс етіп,
 Көктен төмен құлдырып,
 Жауды бұршақ,
 Дауысы құлақ тұндырад...
 Маған нені айтқың келді, жазған-ау,
 Көлігімнің терезесін ұрғылап,
 Көңілімнің терезесін ұрғылап?!
 Тарс-тарс дыбыс кеудемдегі
 ырғақтай,
 Үнсіз қалып, тұрам қалай тіл қатпай.
 Иштегіні қалай айту керегін,
 Ұқтырдың сен,
 Болсаң-дағы тырнақтай.
 Жан жыласа – әл, дем керек екен ғой,
 Жүрек күйсе – жәрдем керек екен ғой,

Соны іздепті ел серпіп тау мұнар
бұлтын,
Жоғалған,
әлде жұтқан құмар-құлқын.
Адам іздеп таппаған мәңгі ғұмыр –
Табылмаған тайқазан шығар, мүмкін?!
Бір суынып, боламыз қайта ғашық,
Өмір-Өлім...
Жатқан күш тайталасып.
Ал, Тесіктас – орнаған жер бетіне
қос дүниенің есігі
айқара ашық.
Кір шалдырмай көңілді көктей тұнық,
(Кеудесін кері кеткеннің кектей тіліп...)
Тынбау керек,
Жаңылмай жырлау керек,
Ақындар сол есіктен өтпей тұрып...

ТОҚЫРАУЫН

Тоқырауын...
Мәлім аты ежелден,
Нәр боп жеткен дала ерніне кезерген.
Балық емес,
Ой аулаймын суынан:
Ұлылықты,
Ірілікті сезем мен.
Айғыр жалды толқын атып ақпайды,
Толқындары жар қопарып жатпайды.
Қалғып-мүлгіп,
Жайбырақат жөңкіліп,
Күш-қуатын тереңінде сақтайды.
Тоқырауын...
Көне күннің жалғасы,
(Тіл біткенде, тек сөйлемей қалмасын).
Жер бетімен ақса-дағы таяз боп,
Жер астында тым кең екен арнасы.
(Кейде ой боп бүрлей алмай сөз-өндір,
Жыр-даланы жылға таппай

Тоқырауын...
Тыныш ағып,
Тасынбай
Балқашқа дем қосып жатқан
өзен – бұл.

Оны көріп, өз-өзіме қарадым.
Ой көзімді болмысыма қададым.
Өмір дейтін арнада мен өзен боп,
Қайда, қалай, қанша уақыт ағамын?!
Сырттым толық болғанымен,
Ішім – бос,
Бір пішінмін, қуыскеуде мүсіндес.
Көлеңкесін өзгелерге көрсетіп,
Өз ішіне сәулесін де түсірмес.
Жер бетінде
Қаптап жүр гой мендейлер,
Жердің бетін
Таптап жүр гой мендейлер.
Сыртқа жүні тұрғанымен қампайып,
Шын келбетін,
Дүр кескінін көрмейді ел.
Күшенеміз көрсетем деп зор күшті,
Тыныш алмай,
Тындыра алмай оңды істі.
Көзім жетті:
Бұл қоғамда мендейлер,
Көзге ілмейді
Тоқырауын-болмысты.

**«АҚТОҒАЙ –
АЛТЫН БЕСІГІМ» ӘНІН
ТЫҢДАҒАНДА...**

Баламас жанға жайлы сыйды ескіге,
Жүрегім бұрын бұндай күй кешті ме?!
Әуезді ән көңіл тербеп әуеледі,
Абзал-жыр,
Дәртай-сазбен үйлесті де...
«Дархан дала, аяулы құтты қоныс»,
Нәрлі аймақ, өрісті өлке, сүтті кеніш.
Сілкіндім,
Және ұмтылдым ұлағатқа,
Топырағыннан бойыма бітті де күш.
Тамшы боп таңдайыма жалын тамған,
Қарыштап кетті бойда арын талған.
Үйренді ұлтқа қызмет етуді ұрпақ,
Әлихан,
Жақып пенен

Әлімханнан.
Қанды бой тектіліктің арайына,
Енді нұр жабырқау жан-сарайыма.
Еңселі елді көрдім,
Тәрді көрдім,
«Ән-күйден маржан шашқан
маңайына».

Шалқиды шұғыла боп, қайран, шабыт,
Біз дәйім тарқамайтын тойды аңсадық.
Шашубайдың өзі жоқ, әні қалды,
«Халқымның ортасында сайран
салып...»

Сәулелі, салқар дала, самалалы,
Малынған сыр мен жырға бар алабы.
Шығыстан шыққан Күннің шұғыласы,
Әсеттің әні болып таралады.
Қыздары бұл өлкенің гүл-гүл мүсін,
Жігіті таныта алған дүлдүл мысын.
Дүние құлақ түрді тебіреніп,
Манарбек сайратқанда бұлбұл-құсын.
Түйірінде тылсымның оты бардай,
Саз сіңген тау, тас, қырат, шоқы

қандай?!
Аққыздай ойнақтайды саусақ-самал,
Пернеде күйден өрнек тоқығандай.
Шаттық пен қуанышқа құлаш толып,
Екіпінді еркіндікке ұласты ерік,
Сахнада емес
Ән салды сахарада,
Еңлік, Жібек, Сара –
Күләш болып.
Күйіменен толтырған құрдымды
ерен,

Шертісінде сиқырлы сыр бүрлеген,
Уақыттың мұқалмаған маңғаз үні –
Хамзиннің домбырасы күмбірлеген.
Береке мен бірлікке құлдық – бөгет,
Бұл өзі уақыт куә шындық бөлек.
Нарманбетше айтқанда:
Ардақты елге

«Ұят, ынсап, намыс пен тірлік
керек...»
Керуен күндер кескінін көз көреді,
Жалғанда жан аңсайды өзге нені?!
Сахи салған сурет бояуы қанық –
Өрнегі анық Өмірдің өз бедері.
Салтанатын жылдардың сакта бойда,
Сыйдырған сан сауалды хат та –қойма,
Жәутіков
Адамдардың, Замандардың,
Есебін шешу үшін батқан ойға.
Бүгінге жеткендей ме көшіп көнем?!
Көненің ой-жұмбағын шешеп келем.
Тарих та,
Тағылым да,
Тұлғалар да
сыйып тұр жалғыз сөзге «Бесік» деген.
Әлдиледі әуезді ән әсері,
Әсері тарқамайтын тамаша еді!
Шалқыса ырыс дала шабыттанып,
Тұмандай сейіледі сана шері.
Бұндайда қалай жатам дертке көніп,
Сұлулық жан пернесін шерткен өбіп...
Ақтоғай жүрегіме ән боп енді,
«Сауықшыл, сері мінез, сертке берік».

МЕНИҢ БИІГІМ

«...Мен Ақсораңның биігіне шыққан
жоқпын.
Етегінде жүріп-ақ биік таудың
басында жүргендей боламын...», -
деп еді Серік Ақсұңқарұлы.

Бөлекше жаратса да талапты қып,
Жаратқан жаратпады қанатты қып.
«Биігім менің қандай?», - деп
ойладым,
Алыстан Ақсораңға қарап тұрып.
(Барады тән алқынып, жан аптығып...)
Мұнартақ тау шыңындай...
Сұлбаланған,
Қашықтан шақырады тұлғалы арман.
Құлпырып өседі гүл нұрға қанған,
Құлшынып өседі гүл сырға қанған.
Ақсораң – ең биігі Сарыарқаның,
(Бауырында қалайша көз алартамын?!)
Табиғатпен үйлесіп кетсем егер,

Ақсораңдай болар ма жан, ар, таным?!
Ақсораңдай асқақ па адалдығым?
Ақсораңдай биік пе адамдығым?
Надандығым жоқ әлде көзге ұра ма,

Болса да кеудем – нығыз, табан –
мығым.

Ақсораңмен өлшеймін пейілімді,
Ақсораңмен өлшеймін мейірімді.
Бағасы артық байлықтан, басқадан да,
Аласартып алмайын ой, ұғымды.
Биік болғым келеді Ақсораңдай,
Егер биік болмасам – бақ солардай.
Арқа-басым шымырлап бара жатыр,
Тұлғалықты танытар сәт соғардай.
Алыптардың бола алсам мұрагері,
Айналып өтер, білем, күнә мені.
Алыстан Ақсораңға көз қадаймын:
Төбем көкке жетпей тұр бір-ақ елі.
Биікпін – шаң жуымас шындығыммен,
Төменмін – жанжуымас сұмдығыммен.
Ұсақпын – жамандыққа

«Хандығыммен»,
Ірімін – жақсылыққа «Құлдығыммен».
Талпындым асқарыма қарға адыммен,
Асуды асуларға жалғадым мен.
Кезімде майдандым аңсарының
алдында дәрмені жоқ жанға құлген.
Білек түрген сәттерде мен ерледім,
Болмысты батылдықпен бедерледім.
Сөз бергенде қалайша биіктесем –
Сөз бұзғанда солайша төмендедім.
Кей кезде кемеңгермін, сұңғыламын,
Кей кезде сағымдай боп бұлдырадым.
Сенімді ақтағанда – көтерілдім,
Сенімді аттағанда – құлдырадым.
Жолы үлкеннің көңілін ластатпадым,
Жол білгеннің жанарын жасқатпадым.
Асқақтаған уақытта – кішірейдім.
Кішірейсе білгенде – асқақтадым,
Етіп келем өзіме арды қалып,
Сондықтан марқамын жан жұбанып,
Әкемнің алдына кеп – басымды идім,
Бас көтердім ұлымды алдыма алып.
Көңіл-шуақ төгілсе, гүлдейді әркім,
Аға-інінің лебізіне бірдей қандым...
Жанашырым:
«Өсуің керек!», - дейді,
Ал мен қалай өсуді білмей далмын.
Біреуім ғой – біреуді бақылаған,
Талғамы таңдайына татымаған.
«Бір биік аласарды көз алдымда», -
деп мұның шақты маған жақын адам.
«Мені айтып тұр ма екен?!», - деп
секемденем,
Дірілге ерік бермейді бекер денем.
Себебі мен асқақтай алсам-дағы,
Ақсораңдай айбарды көтермегем.
Жолында даналардың, даралардың,
Табаным таймасын деп тағаландым.
Биіктік жайлы ойлауға жетелейтін,
Бойында Ақсораң бар әр адамның.

ТАЛДЫ БЕЙІТ

Талды бейітте Әлихан Бөкейханның
әкесі Нұрмұхаммед, атасы Мырза-
тай, анасы Бегімай, туған бауырлары
Әзіхан, Тәтіхан, Смахан және жалғыз
қарындасы Нұрбек жерленген...
1963 жылы аудандық партия
комитетінің хатшылары Талды
бейіттегі мазарға қойылған тастағы
жазуды оқып, «Мынау буржуазиялық
ұлтшыл идеяны дәріптейтін тас», -
деп жазуды шауып, өшіруге тапсырма
берген...

Бұл жерде өз бойыңа тәубе тіле,
Бұл жерде ес кіреді әулекіге,
Төрелердің қорымы Талды бейіт –
Мәңгі мекен Бөкейхан әулетіне.
Желтау – үнсіз күзгер, мүлгіп жатқан,
Жіңішке тіл қатпайды сыңғыр қаққан.
Замананың көз жасын бейітке аққан,
Жел ме?
Ел ме?
Ер ме әлде?
Кім құрғатқан?

Талды көрдім...
Әлихан екті дейді,
Көшеті Петербордан жетті дейді.
Біреуі гана өсіпті, ал қалғанын,

аиықта Балқашқа ауып, шұбырған
жұрт,
отын қып отап алып кетті дейді.
Заманды жазғырам ба, адамды ма?
Артпаймын, сорлы қазақ, саған күнә!
Әлекең екен ағаш маздап жаның,
жылытса аш-арықты аман сақтап,
Қалай жас үйірілмейді жанарлығы?!
Өмірде қыран үшін кермеге тең,
мүрдесі қалғандықтан елде бөтен,
ырым қып кіндігі де қалған жерге,
Смахан төре
ағасы Әлиханның
құлақшынын лақаттап көмген екен.
Сай тұрар пенделігін асырғалы,
бұны ұқпайды қоғамның тасырлары.
Сіңген терінің иісі Ұлт көсемінің
бас киімі «жерленген» жерді басып,
баянды бақты сездім басымдағы.
Тізінді жұлып алып қолындағы,
Ізін де тып-тыпыл қып соңындағы,
Өзіне-өзі қас жау жарым естер –
Жасыттақ болды елдің әр жігерін
құлтытасты бүлдіріп қорымдағы.
Толғандырған халқының мұң-наласы,
Білім,
мінез,
күрес,
іс – шын бағасы,
Сатқын, азғын, зұлым мен
озбырлардың
зәресін басыменен қалай алса,
тасымен де шошытқан Қыр баласы.
Осылай сөйлеп берді дерегі елдің,
Сыры осы – кең болғаны керегемнің.
Мәңгі мекен Бөкейхан әулетіне,
Талды бейіт – қорымы төрелердің.
Жұмыр басқа бұйырған жан несіпке,
Жүреді адам зар кеіп, шаң кеіп те...
Рухым менен құтымды тербетіп тұр,
Талды бейіт айналып талбесікке.

**ШАТЫРШАНЫҢ
БАСЫНДА**

Желік емес, құмар қанбай іштегі,
Тауға шығу сонша қиын іс пе еді?!
Бірақ, шыңнан домалата жаздайтын –
Шатыршаның желі қандай күшті еді!

Дедек қағып,
Дамылдамас дүлей жел,
Мазаны көп алмауынды тілейді ел.
Қарамайсын тосқауылға, бөгетке,
Саған ұқсап жеңу керек үрейді ер.

Тыныш алмас,
Тыным таппас, тентегім,
Сен секілді зып бергенше келте-күн,
Ойнауды емес ермек етіп етектегі –
Керуді үйрет жігерімнің желкенін.

Тап өзіңдей көрген-емен жүйрікті.
Барлығына жүргізесің билікті.
Жанды-дағы, жансыз-дағы – ырқында,
Әлді-әлсіз әміріне илікті.

О, асау-жел, бас бермейсің, заулайсың,
Зу-зу еткен қалпыңнан бір танбайсың.
Алып қашқан ерке бұлан шақтарды
Уақыттың дәл өзінен аумайсың...

Шың басында ерік бердім ойға ерен,
Өзімді-өзім таныдым «бұл бейнеден»:
Шалқуы мен шайқалуы оп-оңай,
Сайран салған ерке желмін кейде мен,
Ойран салған есер желмін кейде мен.





облысымыздың шежі-ресі, тарихы деп қараған да дұрыс шығар, сондықтан болар тағылымға толы ғұмырдың барлық сыры мен қырын ашып болу мүмкінде емес. Арқа төріндегі қанатын қомдаған қырандай керіліп жатқан Ақсоран тауы талай текті тұлғаның түлеген тұғыры.

Қайрекең осы ата тауымыз Ақсоранның бауырындағы Ахметжан қыстағында 1944 жылдың 6-шы наурызында дүниеге келген. Жыл артынан жылдар алмасадy, табиғат заңы. Өңір жаңа, ән жаңа. Дәл осы топырақта Алаш көсемі

Қайрекең келді. Әкей ол кезде Бегазы бауырындағы Монша қыстағында совхоздың сиырын бағып отырған. Қайтарында – Нағашы Қазыбекті өзiм оқытам, – деп мені өзімен қоса алып кетті. Бұл Қайрекеңнің ҚазМУ-дің физика факультетін қызыл дипломға тәмамдап, аудан орталығындағы М.Горький атындағы мектепке директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жұмысына білек сыбана кіріскен шағы екен. Мені бірден орыс мектебіне берді, ол кезде Ақтоғайда немістер көп болатын. Қозы-лақтың, бұзау-құлынның арасынан келген қарасирақ Қазыбек үшін орыс сыныбы оңай соқты деп айта алмаймын. Қайрекеңнің өзі айтпақшы «граждандық» Аман тәтемiздiң де мамандығы мұғалім екі жақтап қолға алғанда

ағайындылардың иықтарында фотоаппараттары, калталарында блокноттары мен қаламдары жүретін. Қайрекең мен Нақан түсірген суреттердің дені Бауыржанның шаңырағында әлі күнге дейін сақталуға тиіс. Табиғат аясына шықса да, қонаққа барса да екеуінің үнемі фотоаппараттары жанында жүретін. Қайрекең ерте тұруды әдетке айналдырған жан, қашан көрсен төңертеңгі шайын өзі демдеп ішіп отыратын, ешкімді мазаламайды және сол мезгілде келген газет-журналдың бәрін шолып шығатын. Неге екенін, жасымынан «Сәкеннің сұлулығы»-деген сөзді естігенде көз алдыма бірден Қайрекең елестейтін. Үнемі ақ көйлек галстукпен жүретін. Қыс жағалы паль-

Асылдың сынығындай аздың бірі

Қазақ «Ай – дегенің аттың басын бұрғаниша,

Жыл – дегенің жылқы аунап тұрғаниша» - дейді.

(Қайрекеңде бақидан фәниге аттанғалы жыл толды. Марқұмның мекені жұмақ болсын.)

Жақсылар жайлы сыр шертіп, естелік айтуда бір мәртебе шығар, бірақ оның әр жағында өзіне тән мехнаты да бар деп ойлаймын. Олай дейтінім жақсы ағалардың шынайы болмысын жеріне дейін айтып жеткізе білу де өзіндік биік өрені қажет ететіні сөзсіз. Сондықтан болар Қайырбек Изатбекұлы Сәдуақасов жайлы жазардан бұрын бірсыпыра қобалжып толқығаным рас. Қолыңа қалам алған соң көсілте тарта алсаң, өзіңнің де бір парызың орындалғанын сезінесің.

Әр толқынның өз Қайырбегі бар шығар, бірақ біздің Қайрекең елдің, қазақтың Қайрекеңі десек бек қателеспеспіз. Өз ұлтын жанындай жақсы көріп, құлай сүйген бір жан болса, ол Қайрекең дер едім. Азаматтық ардың, қазақтылықтың мөлдір, таза қайнар бұлағынан мейлінше қанып сусындаған, сол тұнықтыққа кіршік түсірмей пәк қалпында өткен бір адам болса ол тағы да – Қайрекең.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері қазақтың көрнекті ақыны Қайрекеңнің нағашысы ақын Абзал Бөкен: Жеті өнер, – деп жүрген кім? Тал бойыңнан, таралып жатқан сынды жетпіс өнер, – деп жиенін жырга косса, көзін көргендер, сөйлеп бір кетсе шешен, бастап кетсе көсем еді, – дейді Қайрекеңді. Рухани әлемі таза, пенделіктен ада, биік парасат иесі. Ұят, ар, мейірім біреуді алдамау деген адами қасиеттерді бойына тізген шын мәніндегі тұғырлы тұлға еді. Мақтау, мадаққа қарсы иммунитеті мейлінше жоғары жан. Өзін қашанда қарапайым тәуелсіз ұстайтын Қайрекеңнің айтар ойы да еркін, тыңдарманын бірден баурап ала жөнелуші еді, сөздерінің халықшылдығы басым болатын. Әр сөзіне қарауыл қойып сөйлетін сұңғыла жанның салмақты ойын кезіккен сайын ұйып тыңдайтынбыз. Дәл біздің ауданымызға Қайрекеңдей еңбек сіңірген жан қадау-қадау, саусақпен санарлық шығар. (Жалпыл-дауды білсе бәлкім омырауы орденге толып жүрер ме еді.) Қайрекеңнің өмірі өз ғұмыр баяны ғана емес, ауданымыздың,

Әлихан Бөкейхан да 5-наурызда дүние есігін ашқан ғой. Осыдан кейін тау баласының тауға қарап өсетіндігіне еш шүбә келтіре алмайсың. Қайрекең де ата жағынан да, ана жағынан да белгілі дегдар тұқымнан. Зәузат тегі Бұланбай Қалқаманұлы Арғынның Қаракесек руынан (Қалқаман) Шабанбай бимен бірге туысады. Қаракесектің немересі Майқидан Өтеміс одан Қалқаман одан Бұланбай. Мақсат шежіре тарқату емес, ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолдарын тану, таныту. Келер ұрпақтың өзін-өзі тануы, олардың өткені мен кеткенін, яғни тарихын тануы болып табылады. Өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан ағамыз: «1901 жылы жарық көрген Брокгауз бен Эфронның 33 томдық энциклопедиялық сөздігінде және мемлекеттік картада бүгінгі біз Қасабай өзені атап жүрген өзеніміз Бұланбай өзені екенін, және 102-шақырым ағып барып Тоқырауын өзеніне қосылатындығы туралы», – деректерді келтіреді. Бұланбай ұрпақтары Семізбай, Қайрекеңнің әкелері Сәдуақас дәл сол Бұланбай өзенінің жағасындағы Қасабай ауылына бұрылар тұстағы мазарда жатыр. Сол Бұланбай ата ұрпақтары бұрынғы Қаратал совхозы, бүгінгі Шабанбай би ауылының орталығын мекен еткендігіне де орталықтағы баба ұрпақтарының мазарлары куә. Бұл тарихты бүгінгі ұрпақ білуге тиіс. Ал Қайрекеңнің кіндік қаны тамған Ахметжан қыстағына келер болсақ, Арқада төрт Ахметжан болған деседі. Тоқсан Сарымы Талпақтың Ахметжаны, Тобықты руынан Сармантайдың Ахметжаны мен Бертістің Ахметжаны және Қайрекең туған жердің егесі Сарым Бекпенбеттің Ахметжаны.1905-жылғы атақты Қарқаралы петициясына қолын қойған 42 адамның бірі осы Бекпенбеттің Ахметжаны екен. Кедей-кепшіктің қамын жеген, жүрген жерінде айшықты із қалдыра білген батыр тұлға деседі. Сондықтан болар Қайрекеңнің тіршілікке ерекше ғашық болуы, бой-бітімін шынға қарап түзеуі кездейсоқтық болмаса керек.

Менің әкем Ештанаев Опи (дұрысы Ешмұханбет кожа) Қайрекеңнің нағашысы. Анасы Сара әкемнің қарындасы. Қорасанқожадан тараймыз. Сарым Шабанбай бидің қожасы. Мекеніміз Бегазы тауының бауыры. Әлі есімде тамыз айының аяғында 1968 жылы қыстауға

күрдай жорғалауға тура келді. Одан қалды кенже қарындасы Майраның қолына өтеміз. Қайрекеңдердің үлкені Ақмарал екеуіміздің арамыз бір жас қой деймін, ата-әжесінің ерен еркесі сол Марал болатын. Бүгінде өнерімен Алаш жұртына атағы жайылған Қайрекеңнің балдызы Амантай Жұмашев болса менің «крышам», жергілікті бұзықтардан қорғап жүретін. Балалық шақты еске алған соң ба, бәрі еске түсіп жатыр. Сүрінсек сүйеп, жаңылсақ түзеген осы орта менің балалық бастауыма үлкен әсер қалдырды. Жалпы Қайрекең мен Аман тәтемiз бала тәрбиесiнен еш есе жібермеген адамдар, ұл-қыздарының мәдениеттілігі соның айқын дәлелі.

Изатбек әкеміздің үйі Қарағандыдан кіре берістегі сол кездегі аудандағы ірі құрылыс нысаны «Быткомбинаттың» алдында болды. Изекең кешкілік сол ғимаратты күзететін. Менде жиі барып тұратынмын.Үлкен тігін цехы болды.Армяндар етік тігетін, фотосалон да сонда орналасқан. Соғыс ардагері Әрін ақсақал, аудан халқына қадыры артқан ұлағатты ұстаз, тарихшы Асқар Сейдахметов, Балғабек Рамазанов, Қуанышбек, Болтайхан әкелеріміз құдай қосқан көршілері еді. Үйдің жанынан керемет бұлақ ағып жататын, суын бұрып бау-бақшасын суаратын. Үш түп долана талы болды, картопты көп салатын, сәбіз, пияз, бұршақ, қызылша да өсіретін. Менің пайымымша сол кездегі аудан орталығындағы бірден бір құрылыс саласының маманы Қайрекеңнің әкесі Изатбек жездемiз болатын. Үнемі шақыртуда жүреді. Пеш қалау, шатыр салу, есік-терезе орнату сынды жұмыстардан қолы бір босамайтын. Тапсырыспенен бейіттерге көктастар құятын, арнайы қалыптары болды, құйманың арасына арматуралар салып отыратын. Бүгінде спорткомплекс тұрған жердегі бірінші салынған ауқымды парктің қабырғасын (1,5м биіктік) Қайрекең мен әкесі тастан қалап шыққаны әлі есімде. Қайрекеңнің інісі Нақыбек (заңгер-құқықтанушы, экономист, саясаттанушы пупшицист, қоғам белсендісі) бүгінде Астана қаласында тұрады сол кезде Шет ауданында прокуратурада жұмыс істеді, білем жиі келіп тұратын. Ақтоғайдың «Пеле»-сі атанған Нақанды жұрт Коля дейтін. Аяқ добының аудан көлемінде хас шебері атаныпты.Үнемі

то мен папахасын киеді, қандай киім кесе де қона кететін. Қайрекеңнің жанында біз нағашысы емес, бауырындай болып өстік. Өміріме бағыт-бағдар берген ақылшы аға, қиындық туындаса арқа сүйер тірегім болды. Институтта жүргенде Алаш көсемі Әлихан жайлы диплом жұмысымды өте жоғары бағаға қорғап шықтым.Тың жаңалық аштым деп айта алмаймын, Әлиханның көзін көрген шежіреші Мұсахан қарияның айтуы бойынша (ол кезде марқұм тірі болатын) және ақтоғайлық алғаш Алаш танушылар Қайырбек ағамен Қабылсаят Әбішовтердің тарихи баға жетпес құнды құжаттар дерегіне сүйеніп едім. Қайрекеңнің ізін қуып біз де жоғары партия мектебін бітірдік. Мемлекеттік қызметте болдық, аудандық газетті басқардық. Қамқор болды, үйренгеніміз де көп.Бір ерекшелігі әрбір іске ауқымы зор, немесе кішкентай дүние деп қарамайтын.

2023 жылы менің «Қараша ауыл Қаратал жағасында» деген замандастарымыздың есті, үлкендеріміздің ескі сөздерінен жинақталған ауыл айтқыштары жайлы кітабым шықты. Осы кітаптің жазылуына да, шығуына да бірден бір дәнекер болған Қайрекең еді. Екі күннің бірінде телефон шалып, бастадың ба, қолға алдың ба, ертең осы айтып жүргендеріңнің бәрі ұмыт болып қалады деп тыным бермейтін. Жазуға отырдық, расымен де жұртқа жаққан жинақ болды. Кітаптың тұсау кесеріне өзі Астанадан арнайы келіп атағымды тағы бір асқактатып кетіп еді. Қайрекең мен үшін туған елін емірене сүйген Ақтоғайдың құрметті Азаматы, Ұлытаудың ұлағат тұтар Ұлы, Айтыс пен өнердің Желкені.

Жазушылық журналистік, ақындық, суретшілік, композиторлық қырларын менен да басқа түп тұқиянына жеткізіп жазатындар жандар табылар. Мен Қайрекеңнің мықты қайратына, биік парасатына, ерен талантына, кішіпейілділігіне, кеңдігіне, тереңдігіне, адамға деген адалдығына, ұлтжандылығына басымды ием.

Нағашысы,

К.Р Журналистер одағының мүшесі,

Қазыбек Ештанаев.



Алғыс айтамыз

Анамыз Байдүйсенова Зәмзәгүл Мекенқызы ауырған кезінде көрсеткен жоғары кәсіби деңгейі және адамгершілік қасиеттері үшін Ақтоғай аудандық ауруханасының басшысы Шажалиев Батыржан Шакировичке және мейірбике Мыңбай Мәлдір Амантайқызына отбасымыздың атынан шын жүректен алғыс білдіреміз.

Қиын сәттерде анамызға ем-шараларды уақытылы әрі тиянақты жүргізіп, жылы сөздерімен де көңіліне сенім ұялатып, бізге де қолдау көрсете білді. Ақ халатты абзал жандарға тән мейірім мен сабырды, өз ісіне деген адалдықты айқын сезіндік.

Әрдайым ел алғысына бөлене беріңіздер. Дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілейміз.

Құрметпен балалары.

Байдүйсенова Зәмзәгүл Мекенқызы

Байдүйсенова Зәмзәгүл Мекенқызы 51 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

2013 жылдан бастап, "Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде шаруашылық меңгерушісі болып абыроймен қызмет атқарды.



Мінезі сабырлы, жаны жомарт, ұжымда сыйлы, беделді, жауапкершілігі жоғары, көңілі ақпейіл, құшағы кен, адамгершілігі мол, жүрегі жұмсақ жан еді.

Ауа-райының алай-дүлей күрт өзгергені сияқты, қуаныш пен күлкіні тиятын оқиғалар болады екен. Сондай бір ауыр жағдай ұжымымызда ақылшы әпкеміздей болған Зәмзәгүл Мекенқызының мезгілсіз дүниеден өтуі болды. Жалған дүние... Кешегі ортамызда ойнап-күліп жүрген жан бүгін жоқ.

Әріптестері білікті маман, "уақыттан озық" жүре-тін жан ретінде бағалап, үлгі тұтса, Зәмзәгүл Мекенқызын "жасындай жарқ еткен" гүл-ғұмырының куәсі болғандар оның асылдан жаратылған, қимас жан, ардақты ана ретінде еске алады.

Маңдайына жазылған тағдырдың жазуы осылай болғандықтан, қимас жанды, адамгершілігі мол әріптесті, мейірімі мен шапағаты жанға шуақ сыйлап тұратын марқұмды еске алып қана қоймай, оның жарқын бейнесін жадымызда сақтайтын боламыз.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, қайғырып көңіл айтамыз.

Алла мейіріміне бөлесін. Мәңгілік мекеніңіз жұмақ болсын. Жаныңыз жәннатта болсын. Қош бол! Қимас жан, ардақты ана, аяулы әріптес!

"Ақтоғай аудандық ветеринариялық станциясы" ШЖҚ КМК ұжымы.

Еске алу

Мұхамбекова Айжан Мейрамқызының ортамыздан кеткеніне де жылдың жүзі болыпты.

Жарқ еткен жасындай өте шыққан Айжантай, сенен қапыда айырылып қалғанымызға бір жыл өтті. Алланың жазуына шара бар ма – көнеміз...

Сенің орның ортамызда ойсырап тұр. Жылы жымысың, ақкөңіл, көпшіл, бауырмал мінезің бәріміздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Сырғып өткен уақыт бір жылды артқа қалдырғанымен, өзіңе деген сағыныш жүректі керней береді.

Артыңда қалған қос ботаң – Рахат пен Ақеркең сен жасамаған жасты жасасын, сен көрмеген қызықты көрсін. Алладан артыңның қайырын, ұрпағыңның амандығын тілейміз. Жатқан жерің жайлы, жаның жәннатта болсын.

Жарқ етіп өте шықтың бір сәуле боп, Жүрекке қалдың мәңгі бір әуен боп.

Сағыныш сыздап тұрса да жанымызда, Жаның шат болсын, Айжан, жұмақ төрі – орын боп.

Сағынышпен еске алушылар:

Назкен, Гүлмира, Гүлмира, Жадыра, Сандуғаш, Ақтолқын, Жанна, Сауле, Толқын, Гүлмира, Алтынай, Шакизат, Жансая, Бота, Аяулым, Жанар, Аяулым, Айдана.



Еске алу

Күндер зулап, айлар жылжып, жыл ауысып, өмір өтіп барады. Ең қиыны сол өмірден қимас жандар өтіп жатыр. Сондай аяулы адам, адал жар, ардақты ана болған **Бақыт Алшынбекқызын** сағынышпен еске аламыз.

Қайта оралмас жастық шақтың қызығын бірге көрген, туысқан болып сыйласып қатар жүрген, қызық пен қиындықты бөлісіп өмір сүрген, жақын араласып қадірлі қасиетін бағалап білген едік. Қолында барын беретін, әзіл мен әнін айтып, көпшілікпен көңілді отырғанды жақсы көретін, қолынан көп нәрсе келетін, салт пен дәстүрді сақтай білетін, ортамызды думандатып жүретін еді, бір-ақ сәтте айырылып қалдық. Жан жары Өмірәлі өндірістік апаттан ерте қайтыс болды, бес ұлдың ішіндегі Меруерті жастай кетті, қан қысымы ауруын ұзақ жыл қажырлы қайрат, ер көңілімен жеңіп жүріп мейірімді әже болды, шаңырақты сақтап, отын өшірмеді. Ақ көңіл, кең пейілді, адал еңбектен адамгершілігі зор ұрпақ өсірген Бақытымыз ақпанның он алтысында 70-ке келер еді, жете алмады. Көптеген адамдардың есінде қалды, жүректерінен өшпес орын алды.

Алла алдынан жарылқасын, артындағы ұрпағы аман да абыройлы болып, өсіп-өркендей берсін, жақсылығын жалғастырсын.

Еске алушылар: Назгүл, Камел-Ардақ, Абзал-Қымбат, Аралбек-Шәрбат, Қанат -Алмагүл, Абзал-Эльмира.



Еске алу

Ардақты ана, аяулы жар, немерелерінің сүйікті әжесі, бауырларының қамқор панасы болған **Ноғаева Гүлзада Әбілқызының** ортамыздан мәңгілік мекенге аттанғанына да бір жылдың жүзі болыпты.

Көңіліміз шерменде, жанарымыз жол қарап, есікке елендеумен күндер өтуде.



Мейірімі мол, жүзі жылы, ақылы дария асыл жанның орны әрдайым ойсырап тұрады. Бір ауыз жылы сөзі, бір сәттік жанашырлығы бүгінде баға жетпес сағынышқа айналды. Раббымыз марқұмның барша жасаған жақсылығын алдыңнан шығарып, пейіштің төрінен орын нәсіп етсін. Жарқын бейнеңіз, өнегелі өміріңіз, бізге қалдырған тәлім-тәрбиеңіз мәңгі жүрегімізде сақталады. Анажан шаңыраққа болдың пана.

Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.

Амал не, жоқсыз бүгін ортамызда.

Сағындық, ана, сізді баршамыз да.

Жан-ана, ұл- қызынның тірегі едің.

Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.

Болмасаң да бүгін біздің, жанымызда.

Айтқан сөзің, тәтті күлкің, жадымызда.

Сағынышпен еске алушылар: жұбайы – Төлеген, бауырлары, балалары, қиен-немерелері.

Жылдық асы 2026 жылдың 14 ақпан күні сағат 12:00-де Нүркен (Жамшы) ауылының "Нұрсай" дәмханасында беріледі. Асқа туған-туыс, құда-жекжат, марқұмның көзін көрген барша жамағатты шақырамыз.

* Денсаулық

Менингит неге қауіпті

Менингит – бұл ми мен жұлынның қабынуы.

Менингит жеке ауру немесе басқа процестің асқинуы ретінде пайда болады. Менингиттің бірнеше түрі бар: менингококкты және қайталама іріңді менингит, үшінші орында вирустық менингит.

Іріңді менингит бастапқы немесе қайталама болып табылады, іріңді менингиттің негізгі өзгерістері процеске ми затының қатысуымен жұмсақ қабыққа әсер етеді.

Егер ауру кезінде бөртпе болса, бұл аурудың ықтимал себебін көрсетуі мүмкін, мысалы, менингококктардан туындаған менингит кезінде терінің тән бөртпелері болады.

Менингит, әсіресе емдеуді кешіктіргенде, ауыр асқинуларды: саңырау болу, эпилепсия, гидроцефалия, балалардағы психикалық даму проблемалары және сананың жоғалуын (комаға дейін) тудыруы мүмкін. Өлімге әкелуі де мүмкін.

Менингиттің кейбір түрлерін (менингококктар, В типті гемофильді таяқша, пневмококктар немесе паротит вирусы тудыратын) вакцинация арқылы алдын алуға болады.

Менингококк инфекциясы циклдік және маусымдық сипатқа ие, аурудың циклдік өсуі әр 4-6 жылда қайталанатын. Науқастардың жалпы санының негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі балалар құрайды - 100 %.

Менингококк инфекциясының жұқтыру көзі тек адам, яғни менингококкты менингитпен ауыратын науқастар, катаральды құбылыстары бар науқастар (назофарингит) және сау тасымалдаушылар. Ауру ауа тамшылары (жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде) арқылы беріледі.

Менингококк инфекциясының жиілігі маусымдылықпен сипатталады-көбінесе қыста және ерте көктемде тіркеледі. Бұл адамның иммундық жүйесі жылдың осы уақытында ЖРВИ, тұмау және т. б. көптеген вирустармен әлсірегендіктен орын алады.

Менингиттің алғашқы белгілері қарапайым суық тию белгілеріне (дене қызуының көтерілуі, бас ауруы) ұқсас келеді. Медициналық көмекке уақытылы жүгінбеген жағдайда өлім-жітім 50%-дан асады.

Негізгі клиникалық көріністерге мыналар: дене температурасының 39,0°C және одан жоғары күрт жоғарылауы, төзімсіз бас ауруы, жүрек айнусыз жеңілдік әкелмейтін құсу, геморрагиялық бөртпе, тыныс алудың бұзылуы, сананың шатасуы жатады. Инкубациялық кезең 1-ден 10 күнге дейін (орта есеппен 4 күн) жүреді.

Менингококкты тасымалдауға ерте анықтау

мақсатында профилактикалық мақсатта және

эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша

бактериологиялық тексеру жүргізіледі.

Профилактикалық мақсатта халықтың мынадай санаттарындағы менингококк инфекциясына бір реттік зертханалық тексерулер жүргізіледі:

– балалар мектеп-интернаттарға, ұйымдарға, балалар үйіне, жетім балаларға арналған білім алуға ресімделген кезде;

– қызмет алушыларды медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымға) ресімдеу кезінде.

Эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша байланысқан адамдарға (инкубациялық кезеңде менингококк инфекциясы бар науқаспен байланыста болған адамдарға) зертханалық тексеру жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында және бала үйлерінде байланысатын адамдарды зертханалық тексеру үш-жеті күнтізбелік күн аралығымен кемінде екі рет жүргізіледі.

Бұл аурудың алдын алудың нақты шарасы-вакцинация. Бүгінгі таңда кейбір Еуропа елдерінде менингококк инфекциясының вакциналық профилактикасы тегін жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында менингококк инфекциясына қарсы вакцинация профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесіне кірмейді. Менингококк инфекциясына қарсы вакцинация қажылыққа баратын адамдарға ақылы негізде жүргізіледі.

Маңызды алдын алу шаралары-науқастар мен инфекция тасымалдаушыларын анықтау және оларды санациялау, аурудың белгілері пайда болған кезде дәрігерлерге ерте жүгіну.

Менингококк инфекциясын жұқтырудың алдын алу үшін:

- суық тиюден сақтану;
- адамдар көп жиналатын орындарға баруды шектеу;
- үй-жайларды күнделікті желдету және ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу;
- жеке гигиена ережелерін сақтау-қолыңызды мүмкіндігінше жиі жуу;
- суық тию құбылыстарымен (мұрыннан су ағу, жөтел және т.б.) болатын ауруларға байыпты қарау, температура, қатты бас ауруы пайда болған кезде дереу медициналық көмекке жүгіну қажет.

«Ақтоғай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ.

Құттықтаймыз!

Құрметті әріптесіміз
**Ибраева Әлия
Ғалымқызы!**

Сізді зейнеткерлік жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ та мағыналы ғұмыр, отбасылық береке-бірлік тілейміз. Жолдасыңыз Секеңмен бірге бала-шағаңыздың, немере-шөберелеріңіздің қызығын көріп, шаттыққа бөлене беріңіз. Сонау 1980 жылдары аудандық газет редакциясына қызметке келіп, аудандық басылымның халыққа қалтқысыз қызмет етуіне өз үлесіңізді қостыңыз. Қырық жылға жуық аудан айнасында абыройлы еңбек етіп, әріптестер арасында адамгершілігіңізбен, адалдығыңызбен, мамандығыңызға деген шынайы берілгендігіңізбен зор құрметке ие болдыңыз. Үлкенге ізет, кішіге қамқор бола білген, бағыт-бағдар көрсеткен парасатты болмысыңызбен ұжымның ұйытқысы болдыңыз.

Еңбегіңіздің еленіп, аудан әкімінің Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарына, сондай-ақ облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығына ие болуыңыз — маңдай термен келген адал еңбектің жемісі. Бүгінгі зейнеткерлік кезеңіңіз де қуаныш пен шаттыққа, тыныштық пен игілікке толы болсын. Алдағы өмір жолыңызда да сергектік пен серпін, мәнді де маз-мұнды күндер тілейміз.

Ақ тілекпен, «Ақтоғай асары» редакциясы ұжымы және ардагерлер ұжымы.



Құттықтаймыз!

Құрметті құрбым
**Ибраева Әлия
Ғалымқызы!**

Бала күннен бір ауылда бірге өсіп, тұлымшағмыз желбіреп, мектеп табалдырығын қатар аттаған едік. Бірге бой түзеп, арман қуып, білім алып, үлкен өмірге қадам бастық. Тағдыр жолымыз әр салаға алып барса да, ауылдас, сырлас, құрбы болып, қуаныш пен қиындықты бірге бөлісіп келеміз.

Уақыт өте келе әрқайсымыз өз орнымызды таптық. Мен денсаулық сақтау саласында қызмет етсем, құрбым Әлия Ғалымқызы аудандық газет редакциясында 40 жыл бойы табан аудармай еңбек етті. Осы жылдар ішінде ол тілші де болды, корректор да болды, газет бетінің әр жолына жан бітірген бет жасаушы да болды. Бұл – екінші біріне бұйыра бермейтін төзім мен табандылықтың, мамандыққа деген шынайы адалдықтың айқын көрінісі. Өз саласының майталманы Әлия Ғалымқызы өз ісіне әрдайым жауапкершілікпен қарап, оқырманға шынайы, салмақты сөз ұсынды. Еңбегі еленіп, облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты атануы – соның дәлелі. Сондай-ақ, ол түрлі деңгейдегі Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталарының бірнеше мәрте иегері болды. Бұл марапаттар – маңдай термен келген адал еңбектің жемісі. Әрбір қуанышымызда қасымыздан табылып, ақ ниеті мен кең пейілін аямайтын құрбымыз Әлияжан бүгінде зейнеткерлік жасқа жетіп отыр. Бұл – бір кезеңнің аяқталуы емес, керісінше, өмірдің жаңа, мәнді, берекелі белесінің бастауы.

Құрметті Әлия Ғалымқызы!

Алдағы өміріңізде бейнетіңіздің зейнетін көріп, Серікболмен бірге, бала-шағаңызбен немере-шөбере сүйіп, олардың қызығына кенеле беріңіз. Деніңіз сау, жүзіңіз жарқын болып, ұзақ ғұмыр кеуіңізге тілектеспіз.

Ізгі тілекпен, құрбыңыз
Шайхина Гүлшара Орынбекқызы.



Құттықтаймыз!

Құрметті құдағиымыз
**Жайдарлым
Қажықарымқызы!**

Сізді зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Саналы ғұмырыңыздың ең бір мағыналы жылдарын елге, халыққа адал қызмет етуге арнап, елге елеулі, жұртқа қалаулы азаматша бола білдіңіз. Атқарған еңбегіңіз бен төккен маңдай теріңізді халқыңыз бағалап, құрметке бөледі — бұл сіздің абыройлы өмір жолыңыздың айқын дәлелі.

Енді сол еңбектің зейнетін көріп, бала-шағаңыздың, немере-шөберелеріңіздің ортасында бақытқа бөленіп, қызығын тамашалайтын шаққа қадам басып отырсыз. Балалардың ортасында бірге жүріп, әр қуанышта бас қосып, немере, шөбере сүйіп, ұзақ та шуақты ғұмыр кеуіңізге тілектеспіз. Әр күніңіз шаттыққа, әр сәтіңіз берекеге толы болсын.

Шаңырағыңызда шаттық орнап, құдандалы елдің сыйластығы мен жарасымы мәңгі жалғасын таба берсін. Алла берекелі ғұмыр, мықты денсаулық нәсіп етсін!

Ел үшін еткен еңбегің – зор абырой,
Халқыңның алғысы – саған шын сый-ой.
Немере, шөберең ортасында жүріп,
Көре бер зейнеттің шаттықты тойын.

Ізгі тілекпен: құда- құдағиыңыз –
**Асан – Тамара,
балаларыңыз – Жандос – Арайлым,
немерелеріңіз – Алинұр, Мансұр, Алуа.**



Құттықтаймыз!

Құрметті Исакова
Баян Мұратқызы!

Сізді мерейлі 55 жасқа толған туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасылық береке-бірлік, қажымас қайрат пен сарқылмас күш-қуат тілейміз.

Өмір жолыңызда атқарған адал еңбегіңіздің жемісін көріп, әр күніңіз қуаныш пен шаттыққа толы болсын!

Сіз ұзақ жылдар бойы аудандық медицина саласында абыройлы қызмет атқарып, ана мен бала саулығы жолында аянбай еңбек еттіңіз. Кіндік шеше болып қабылдаған сәбилеріңіз бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде өсіп-өркендеп, қоғам игілігіне қызмет етіп жүргені — Сіздің еңбегіңіздің айқын дәлелі. Сіз — Гиппократ антына адал, мейірімі мол, жүрегі кең, өз ісінің нағыз шеберісіз.

Сонымен қатар, қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, ел бірлігі мен ұрпақ тәрбиесіне үлес қосып келе жатқаныңыз — зор құрметке лайық. Ақыл-парасатыңызбен, адамгершілігіңізбен көпке үлгі болып жүрсіз.

Алдағы уақытта да ел алғысына бөленіп, абыройыңыз асқақтай берсін! Деніңіз сау, мерейіңіз үстем, шаңырағыңыз шаттыққа толы болсын!

Құрметпен, Ақтоғай ауылдық Аналар кеңесі.



Құттықтаймыз!

Әріптесіміз **Лекер
Индира Берікқызы** 30 жасқа толған мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сіз – өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын, мінезі өте сабырлы, жүрегі мейірімге толы, балаларға қамқор бола білетін жансыз. Ұжым ішінде де, тәрбиеленушілер арасында да сый-құрметке ие болып, әрдайым жылы сөзіңізбен, ізгі ниетіңізбен ерекшеленесіз.

Алдағы өмір жолыңызда деніңіз сау болып, ұзақ ғұмыр кеуіңізге, отбасыңызға береке-бірлік, шаңырағыңызға шаттық пен мол бақыт тілейміз. Еңбе-гіңіз жемісті, абыройыңыз асқақ болсын. Арман-мақсаттарыңыз орындалып, әр күніңіз қуаныш пен жақсы жаңалықтарға толы болғай!

Отыз жас – өмірдің гүлденген шағы,

Ақ жол болсын алдыңдағы әрбір бағы.

Бақыт қонып, шаттықтан нұр төгілсін,

Арта берсін өміріңнің барша бағы.

Ізгі тілекпен, Интернат ұжымы.



Хабарландыру

«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 16.02.2026 жылы сағ 15:00 – де болады.

Күн тәртібінде төменгі мәселелер қаралады:

- 2026 жылдың бюджетін және штаттық кестені бекіту.
- 2026 жылға басқарманың жұмыс жоспарын бекіту.
- 2025 жылдың бюджетінің орындалысы туралы есепті бекіту.
- Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай селосы, Әлихан Бөкейхан көшесі №19 «АҢСАР» бизнес орталығы ғимараты «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефонға хабарласуы керек:

8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8777 540 34 71.



Құрылтайшысы: «Ақтоғай аяру»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
Редактор: **Нұрдәулет Ақторғай.**

Меншік иесі: «Ақтоғай аяру»
Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.
(күәліктегі ресми атаумен келісілген)

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2020 жылдың 10 қаңтарында қайта тіркелді.

Тіркеу күәлігі:
KZ94VPY00019192

Алғашқы тіркеу күні мен нөмірі: 1999 жылғы 09 шілде, №578-Г

Газет апта сайын 1 рет шығады

Таралымы 1030 дана

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.
Телефондар: редактор: 2-18-81, 87770498986

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.